


Неолит дәуірі

(Б.з.б 5- 2 мыңжылдық)

Неолит, жаңа тас дәуірі (грек. neos – жаңа және lithos – тас) – шамамен б.з.б. 5500 – 3000 жылдарды қамтитын тас дәуірінің ең соңғы кезеңі. Н-тің қалыптасуы мен аяқталуы жер шарының әр түрлі аудандарында әр қилы уақытта өтті. Еуропа, Азия мен Африканың көптеген табиғи-климаттық аймақтарында негізінен Неолиттің хронологиялық шеңбері б.з.б. 6 – 4-мыңжылдықтардан басталып, б.з.б. 3-мыңжылдықта аяқталды. Қазіргі мәліметтерге қарағанда Таяу Шығыстағы ең ежелгі егінші-малшылар мәдениеті б.з.б. 8 – 7-мыңжылдықтарға жатады. Қытайда б.з.б. 4 – 3-мыңжылдықта (Яншао), Еуропада (Македония) б.з.б. 7-мыңжылдықтың соңында пайда болды.

ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫ

- Еңбек құралдарынан қыспа түзету техникасын жетілдірумен қатар тас өңдеудің жалтырата тегістеу, бұрғылау, аралау сияқты жаңа технол. әдістері қалыптасты. Аңшылықтан мал өсіруге, терімшіліктен егіншілікке көшу орын ала бастады. Шаруашылықтың жаңа түрлерінің шығуы адам баласын осы салаларға қатысты жаңа еңбек құралдарын (дәнүккіш, келі, келсап, кетпен, т.б.) жасауға, оның сипатын сапа жағынан жетілдіруге итермеледі. Бұрынғыдай тастан және сүйектен жасалған құралдар кеңінен пайдаланылды және қыш ыдыстар кеңінен тарады. Қыш ыдыстардың шығуы дәнді дақылдарды сақтауға, пайдалануға көп мүмкіндік берді. Мәдени-шаруашылық белгілері жөнінен Неолит мәдениеттері екі топқа бөлінеді:



егіншілік пен малшылық

аңшылық пен балық аулау

- Соңғы топтағылар табиғаттан дайын өнімді алып пайдаланса, алдыңғы топтағылар өнімді тікелей өндіру арқылы алды. Әлеуметтік жағынан алғанда Неолит дәуірі рулық қауым дәуірі болды. Тайпалар немесе тайпалық бірлестіктер құрылғанын Еуразиядағы Неолит заманына жататын көптеген археол. мәдениеттер де айғақтайды. Кейінгі Н-те жіп иіру мен тоқымашылық шықты. Егіншілік дамыған аймақтарда ежелгі мемлекеттер қалыптаса бастады. Микролиттік индустрия кеңінен өрістеді. Микролиттер жебе ұштары мен қыстырма құралдар жасауға жұмсалды: сүйек немесе ағаш саптың ұзына бойындағы қуыстарға ондаған ұсақ микролиттер тау балауызы, қара май, битум арқылы бекітілді. Мұндай құралдар әсіресе тері өңдеуге, егін оруға пайдаланылды



Халық саны артып, қоғамда демогр. ахуал жақсара түсті. Қатынас құралдары дамыды. Адамдардың отырықшылыққа көшкенін көлемі әр түрлі баспаналар да айқындайды. Баспаналардың бүкіл ұжымға не жеке отбасына арнап салынуы адамдардың қауым болып өмір сүргендігін аңғартады. Этнол. мағлұматтар Неолиттік тайпаларда аналық-рулық құрылыс үстем болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ мәдени-тұрмыстық жаңалықтар адамның дүниеге деген көзқарастарын түбірімен өзгертті. Табиғат күштеріне, анаға табыну орын алды. Бұған Неолит заманындағы өнерден хабар беретін тасқа түскен бедерлер, әйелдердің мүсіндері дәлел болады. Неолитте адамзат өмірінде болған өзгерістерді саралай келе, Г.Чайльд осы дәуірге қатысты “неолиттік төңкеріс” терминін енгізді.



Сәндік заттардың, еңбек құралдарының көптігі, оның үстіне жерлеудің күнге табынуға байланысты ерекше ғұрпы осыны көрсетеді. Ондай әдет бойынша өлік кремацияланатын болған. Бұл жолы өлік толық өртелмеген; денесінің қалған мүрдесі өлген адамның заттарымен бірге молаға көмілген; ол заттардың ішінде бас киімге тағылған, шеті ұсақ кертпешелермен сәнделген, орақ тәрізді сүйек қаптырма, жыртқыш аңдардың тістері, қауашақтан жасалған ірі моншақтар тізілген алқа бар.



Мейлінше сәнделген киіммен бірге молаға еңбек құралдары (шот, сүйек біз), аңшылық құралдары (найзалардың, жебелердің тастан және сүйектен жасалған ұштары) және балшықтан жасалған, құты тәріздес, түбі домалақ, кішкене үш ыдыс салыныпты. Сол жерден құланның екі топайы табылды; бұлар қызыл жосамен боялған, бұл түс ежелгі адамдардың ұғымынша өртеу, отқа табыну рәсімін білдірген.



Неолиттік тұрақтар орналасу сипатына қарай төртке бөлінген

Бұлақтық

өзендік

көлдік

үңгірлік

Неолит тұрақтары

Шығыс Қазақстан
Усть-Нарым

Орталық Қазақстан
*Қаразанды,
Зеленая Балка*

Солтүстік Қазақстан
Пеньки

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕОЛИТ ДӘУІРІНІҢ ТҰРАҚТАРЫ»

Тұрақтың атаулары	Сипаттамасы
Қараүңгір б.з.б 5 мыңжылдыққа жатады	Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы жерінде орналасқан. Қараүңгір тұрағынан шақпақтастан жасалған құралдармен қатар көпмөлшерде сүйек бұйымдар-көзі бар инелер, біз, тескіштер, тегістегіштер, жоңғыштар және т. б. табылған.
Сексеуіл тұрағы	Ол Қызылорда облысында орналасқан. Сексеуіл тұрағының маңында су қоймасы болған.Сексеуіл тұрағының тұрғындары мал өсірумен және аңшылықпен шұғылданған.
Пеньки тұрағы	Солтүстік Қазақстандағы Пеньки селосы маңындағы тұрақта тас шапқылар , жалпақ пышақтар, жаңқадан жасалған пышақтар көбірек кездеседі.Тұрақты мекендеген адамдардың негізгі шаруашылығы орман, көлден құс, балық аулау терімшілік болды.
Зеленая Балка тұрағы	Орталық Қазақстанда Қарағанды маңынан табылған. Ол тұрақтан үй малының сүйектері табылған. Бұл олардың мал шаруашылығымен айналыса бастағанының белгісі.

НЕОЛИТ КЕЗЕҢІНЕ ЖАТАТЫН ЕСКЕРТКІШТЕРІ



НЕОЛИТ КЕЗЕҢІН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАР

- Қазіргі таңда Қазақстан аумағынан Неолит дәуіріне жататын 800-дей ескерткіш табылған. Оларды зерттеуге:
- Ә.Марғұлан;
- С.С. Черников;
- Х.Алпысбаев;
- А.Г. Медоев зор үлес қосты.;

Кейінірек :

- В.Ф. Зайберт;
- В.Логвин;
- Ж.Таймағамбетов, т.б. ғалымдар айналысып, сол кезеңдегі өндірістің және адам өмірінің көп салаларының қыр-сыры, маңызды өзгерістері пайымдалды
- Республиканың табиғи-климаттық жағдайына байланысты көпшілік тұрақтар ашық (жер бетінде) түрде кездеседі. Жергілікті Неолит мәдениеттері мезолиттен бастау алып, қола дәуірінде жалғасын тапты. ^[2]

Неолит дәуірінің жаңалықтары:


Тас өндеу әдістері жетіліп, жорғары дәрежеге жетті.

Ыдыс жасауды үйренді.

Жабайы аңдарды қолға үйрете бастады.

Егіншілікпен айналыса бастады.

Кен өндірісінің негізгі белгілері пайда болды.





Неолит дәуіріне саяхат жасауға дайынсыз ба?



НЕОЛИТТИК ДӘУИР АДАМДАРЫ



ТАСҚА ҚАШАЛҒАН СУРЕТТЕР



БАСПАНАЛАР



Үйдін ішкі көрінісі

**Діни-наным
сеніміне
байланысты
неолит
дәуіріндегі әр
аймақтың
мүсіндері**




Керамикадан жасалған тұрмысқа қажетті заттар жиынтығы





Құрал-жабдықтар:

Еңбек құралдары



Балық аулауға



Тастан жасалған құралдар

Еңбек құралдары

Бұйымдар



Неолиттік адамдар киімі



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

БЛАГОДАРЮ ЗА ВНИМАНИЕ!

